



1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді

www.aqtobegazeti.kz

aktobegazeti@mail.ru

Мәдениет және өнер қызметкерлері күні



МЕРЕКЕ КҮНГІ ҚҰРМЕТ

Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай осы саланың бірқатар маманына мемлекеттік награда табыстылып, құрмет көрсетілді.

Облыс әкімдігі ғимаратында өткен салтанатты шара өңірдің руханиятын дамытуға елеулі үлес қосқан аға буын өкілдерінің басын қосты. Ел Президентінің Жарлығымен Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театрының актрисасы Шалқия Бақытжанова мен Ф.Жұбанова атындағы

облыстық филармониясы «Дауыс» ұжымының көркемдік жетекшісі Аллаберген Жақсыбаев «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ие болды.

Мереке иелерін құттықтаған облыс әкімі Асхат Шахаров олардың рухани құндылықтарды сақтаудағы және ұлттық өнерді дамытудағы рөлін атап өтті:

— Сіздер өміріңізді өнер мен мәдениетке қызмет етуге арнадыңыздар. Сіздердің талантыңыз, мамандыққа

деген адалдығыңыз бен көпжылдық еңбегіңіздің арқасында халқымыздың рухани байлығы нығая түсуде. Шығармашылықтарыңыз жас ұрпақты шабыттандырып, Ақтөбе облысының абыройын алысқа танытып келеді. Сіздерге шынайы алғысымды білдіремін және шығармашылық табыс, зор денсаулық пен жаңа жетістік тілеймін, — деп, жоғарыда аталған марапаттарды тапсырды.

Театрда 50 жылдан астам уақыт еңбек етіп, түрлі образды сомдаған

сахна саңлағы Шалқия Бақытжанова, сол сияқты көп жыл бойы кәсіби шығармашылық жолда өз өрнегін салып келе жатқан, таяуда 60 жас мерейтойын атап өткен Аллаберген Жақсыбаев лебіз білдіріп, алғысын айтты.

Сондай-ақ мерекелік рәсімде С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының бөлім меңгерушісі Гуля Сейітоваға Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі, Мәртөк ауданы Кеңсахара ауылдық клубының мәдени ұйымдастырушысы Бибигүл Айтбаева мен Ырғыз аудандық Мәдениет үйі кәсіподағының жетекшісі Гүлжанат Махмұтоваға қазақстандық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлері салалық кәсіподағының «Еңбек даңқы» тәсбелгісі, сондай-ақ Қобда ауданы Бұлақ ауылдық клубының мәдени ұйымдастырушысы Нұрсәуле Жамановаға облыс әкімінің Құрмет грамотасы табыс етілді.

Бұдан бөлек, тұс ауа 80-ге жуық мәдениет қызметкері марапатталған салтанатты жиын ұйымдастырылды. Атап айтсақ, он мереке иесі Премьер-Министрдің орынбасары, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның атынан «Мәдениет саласының үздігі» тәсбелгісімен, 2 маман сол ведомствоның Құрмет грамотасымен, сондай-ақ 3 қызметкер Алғыс хатымен марапатталды. Сол күні облыс әкімі, оның орынбасары атынан бірнеше маманға да осындай құрмет көрсетілді.

Мерекелік кештің көркін ән-күйімен Ф.Жұбанова атындағы облыстық филармониясының өнерпаздары ашты.

Айбек СЕРІКҰЛЫ.

Қабылдау

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨТІНІШІН ТЫҢДАДЫ

Облыс әкімі Асхат Шахаров азаматтарды қабылдап, тұрғын үй, әлеуметтік қолдау, инфрақұрылым және жұмыспен қамту мәселелерін қарады.

Облыс басшысының онлайн қабылдауына Әйтеке би, Мәртөк, Мұғалжар, Темір, Хромтау, Шалқар аудандары мен Ақтөбе қаласының тұрғындары жазылды.

Өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй мәселесіне қатысты болды. Тұрғындар баспананы жекешелендіруге жәрдемдесуді, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген баспана бойынша жалдау төлемдерінің берешегін шешуді сұрады, сондай-ақ қамқорлықтағы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін көтерді.

Қабылдау барысында халықты әлеуметтік қолдау мәселесі де көтерілді. Атап айтқанда, тұрғындар көпбалалы отбасыларға көмек көрсетуді және жұмыссыз туыстарын жұ-

мыспен қамтуға жәрдемдесуді сұрады.

Инфрақұрылым мәселелеріне де баса назар аударылды. Қала тұрғындарының бірі Қарғалы тұрғын алабында балалар ойын алаңын салу мәселесін көтерсе, Әйтеке би ауданының тұрғыны Ақтөбе-Қарабұтақ-Жүргенов ауылы бағытындағы жолды жөндеуді сұрады.

Көтерілген барлық мәселе бойынша өңір басшысы жауапты мемлекеттік органдар мен салалық басқармаларға әрбір өтінішті жан-жақты қарап, тиісті шара қабылдауды тапсырды.

— Тұрғындардың әрбір өтініші мұқият әрі нақты көзқарасты талап етеді. Бүгін көтерілген барлық мәселе толық қаралып, нақты шешім қабылданғанға дейін бақылауда болады, — деді облыс әкімі.

Еске салайық, аймақ басшысы азаматтарды офлайн және онлайн форматта қабылдайды.

Өз тілшіміз.

Қала

КӨШЕЛЕР МЕН АУЛАЛАРДЫ АРАЛАДЫ

Облыс әкімі Асхат Шахаров қаладағы жолы жөнделіп жатқан көшелерді аралап, «Халық қатысатын бюджет» жобасының жүзеге асырылу барысымен танысты.

Алдымен өңір басшысы Пацаев және Маресьев көшелерін аралады. Жоба аясында «Агрофирма Көквест» ЖШС жалпы ұзындығы 18,6 шақырым болатын учаскелерде, соның ішінде Әбілқайыр хан даңғылы мен Едіге батыр көшесіндегі жол жамылғысын жаңарттады. Қазіргі уақытта нысандарда жол негізін дайындау және асфальт төсеу жұмысы жүргізілуде. Бұл мақсатқа 4,9 млрд теңге қаржы қарастырылған.

Асхат Шахаров мердігер ұйым өкілдерімен әңгіме барысында жолға жөндеу жүргізу кезінде сапа мен мерзімді сақталуына аса көңіл бөлу қажет екенін атап өтті. Өйткені жолдың жағдайы қала тұрғындарының жайлылығы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

үшін тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын ескере қажет, — деді А.Шахаров.

Сондай-ақ облыс әкімі «Халық қатысатын бюджет» жобасының іске асырылу барысымен де танысты. Биыл бұл мақсатқа 1,2 млрд теңге бөлінген. Аулаларды абаттандыруға арналған барлық жобаны қала тұрғындары әзірлеген.

Нысандардың бірі — Маресьев көшесіндегі №2 «Д» үйдің ауласы. Мұнда қоғамдық кеңістік абаттандырылып жатыр. Мердігер ұйым — «ASLAN TALAP» мүгедектер қоғамдық бірлестігі. Бұл мекеме 29 млн теңге көлеміндегі жобаны іске асыруды өз мойнына алған. Жұмыс аясында орындықтар, қоқыс жәшіктері, ойын жабдықтары және балалар мен ересектердің демалысына арналған басқа да жабдықтар орнатылып, жаңартылатын болады.

Нысанды аралау барысында Асхат Шахаров тұрғындармен кездесті.



Облыс әкімі 12-шағын аудандағы Алмас қылыш және Біржан сал көшелеріндегі жөндеу жұмысының барысымен де танысты. Бұл учаскелерді қалалық жолдарды орташа жөндеу бағдарламасы аясында «Astana Energy Hub» ЖШС жүзеге асырып жатыр. Бұл мақсатқа 1,8 млрд теңге бөлінген. Мердігер ұйым Кіші Бекенбай батыр, Алаш, Алмас қылыш және Кошевой көшелеріндегі жол жамылғысын жаңарттады. Жөндеуіні учаскелердің жалпы ұзындығы — 7,7 шақырым.

Сондай-ақ өңір басшысы Сарайшық тұрғын алабында орналасқан Ханназар хан көшесіндегі жол жөндеу жұмыстарын көрді. Мердігер ұйым — «Агрофирма Көквест» ЖШС. Жоба құны — 3,5 млрд теңге. Жобаға Хромтау тасжолы, Бөкенбаев, Биекенов, Жайық көшелері және №55 мектеп маңындағы жол енгізілген. Жалпы ұзындығы — 16,2 шақырым.

Қала әкімі Азамат Бекеттің айтуынша, биыл Ақтөбеде 2025 жылдан өтпелі 24 жол жөндеу ісі асырылған болатын. Бұл мақсатқа 37,6 млрд теңге қарастырылған. Сондай-ақ қаланың 18 көшесін қамтитын орташа жөндеудің үш жаңа жобасы әзірленді. Олардың жалпы құны — 15,9 млрд теңге.

Жаңа жобалар аясында қаты-тұрмыстық қалдықтар полигонына апаратын жол, Орск тасжолы, Түргенов, Нариманов көшелерін және қаланың басқа да проблемалық учаскелерін жөндеу жоспарланып отыр.

— Бүгінде қалада бірнеше ірі жол жобасы жүзеге асырылуда. Ең бастысы — жұмыстың сапасы мен мерзімінде орындалуы. Барлық мердігер ұйым жауапкершілікпен жұмыс істеуге тиіс, өйткені тұрғындар үшін жолдың сапалы болуы маңызды. Жөндеу жұмыстары келік қозғалысын жақсартып, қала ішінде қатынауы ыңғайлы әрі қауіпсіз етуі

Тұрғындар әңгіме барысында мұнда бастаманың өзекті екенін айтып, аулаларда қолайлы орта қалыптастыруға үшін алғыс білдірді.

— Ең алдымен, жүзеге асырылып жатқан жобалар балалардың қауіпсіздігі мен жайлылығына бағытталған. Біз олардың ата-анасының бақылауымен аулада өркін ойнауына жағдай жасап отырмыз. Қалада абаттандыру бойынша бірқатар маңызды мәселе шешімін тапты: қоқыс шығару жүйесі жолға қойылды, көшелерді тазалау және суаруға арналған арнайы техника парк жаңартылуда, жолдар мен қоғамдық кеңістіктер кезең-кезеңімен жөндеуде. Барлық мәселені бірден шешу мүмкін емес, бірақ жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп жатыр, — деді өңір басшысы.

Сондай-ақ облыс әкімі Бөкенбай батыр көшесі, №41 үй аумағында салынып жатқан жаңа құрлық құрылысын бағамдады. Бурынығы автотұрақ орнына балалар мен спорт алаңдары бар заманауи ғұлзар бой көтереді. Жобаға жауапты мердігер ұйым — «ВДКай» құрылыс компаниясы.

— Қала абаттандыру мен инфрақұрылым салысындағы түрлі міндетті кезең-кезеңімен шешу арқылы дамып келеді. Аула, жол және қоғамдық кеңістіктің жаңарып жатқанын көріп отырмыз, бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасуда. Жаңа жобаларды іске қосумен қатар, олардың сапасын қамтамасыз ету де маңызды, тұрғындар күнделікті өмірде нақты өзгерісті сезінуге тиіс, — деді Асхат Шахаров.

Айта кету керек, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 2025-2026 жылдарға Астана ауданында — 11 жоба, ал Алматы ауданында 21 жоба қаржыландырылды.

ДАЙДАР.

Білім

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ» АЛҒАШҚЫ ТҮЛЕКТЕРІН ҰШЫРДЫ



Биыл облыста 189 436 бала оқу жылын аяқтап, 11 099 түлек мектептен қостасты. Өңірдегі барлық білім беру ұйымында түлектердің мектеп бітіруіне арналған жиын салтанаты түрде өтті. Облыс әкімі Асхат Шахаров «Келешек мектептері» жобасы аясында ел игілігі үшін пайдалануға берілген Ақтөбе қаласындағы №82 мектептің алғашқы түлектеріне арнайы барып, сәт сапар тіледі.

Аталған білім ордасында «Мектебім, саған мың алғыс!» атты салтанатты жиын ұйымдастырылды. Ша-

раға қатысқан өңір басшысы Асхат Шахаров түлектерді өмірлеріндегі маңызды кезеңмен құттықтады.

Бұл білім шаңырағы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында былтыр еңсе көтерген болатын. Биыл мектепті 90 оқушы аяқтайды. Оның 4-еуі — «Алтын белден», 10-ы — үздік аттестаттан үміткер.

Облыс әкімі Президент баста-

масымен елімізде білім беру саласына ерекше көңіл бөлініп отырғанын тілге тиек етті.

— «Келешек мектептері» жобасы оқушыларға қолайлы, қауіпсіз әрі заманауи білім ортасын қалыптастыруға бағытталған.

Сіздер — «Келешек мектептері» жобасы аясында салынған жаңа мектептің алғашқы түлексіздер. Мұнда алған білімдеріңіз болашақ табыстарыңыздың берік негізі болады. Биік мақсат қойып, өз күштеріңізге сеніп, үздіксіз даму жолында болыңыздар, — деді Асхат Шахаров.

Сондай-ақ аймақ әкімі ұстаздар мен ата-аналарға жас ұрпақты тәрбиелеудегі еңбегі үшін алғыс білдірді.

Шарада мектеп директоры Абзал Тәжімиев те сөз сөйлеп, алғашқы түлектерді шығарып салудың мектеп ұжымы үшін ерекше тарихи сәт екенін атап өтті.

— Бүгін мектебіміз алғаш рет түлектерін үлкен өмірге шығарып салып отыр. Бұл — ұжымымыздың үлкен жетістігі. Шәкірттеріміз ел сенімін ақтап, биік белестен көрінеді деп сенеміз, — деді мектеп директоры.

Қазірде №82 мектепте 2 419 оқушы білім алып жүр, 184 педагог жұмыс істейді. Ғимараттың жобалық қуаты — 2 000 орын. Қолайлы оқу жағдайы мен заманауи инфрақұрылымның нәтижесінде мектеп қаладағы сұранысқа ие білім беру ұйымының бірі болып отыр.

Мерекелік шара барысында оқушылар концерттік бағдарлама ұсынып, ән айтып, би биледі. Кештің шарықтау шеңі — түлектер орындаған дәстүрлі мектеп вальсі болды. Бұл көрініс ұстаздар мен ата-аналар үшін де ерекше әсерлі сәт ретінде есте қалды.

Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ.

Жәрмеңке

ЖҰМЫС ІЗДЕП ЖҮРСЕҢІЗ...



Ақтөбеде Қала күніне орай ұйымдастырылған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі көпшіліктің қызығушылығын тудырды. «Keueen City» сауда, ойын-сауық орталығында өткен іс-шараға жұмыс іздеушілер көп жиналды.

Жәрмеңкеге жұмыссыздармен қатар, бас стандартынан айыры орындарынан шыққан, пробация қызметінің есебінде тұрғандар мен алимент бойынша берешегі бар тұрғындар шақырылған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, халық көп шоғы-

рланатын орталықта өткізілген іс-шара жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілерді тиімді байланыстыруға мүмкіндік беріп отыр.

Іс-шараға 20-дан астам жетекші кәсіпорын, шағын және орта бизнес өкілдері мен мемлекеттік мекемелер қатысып, барлығы 260-тан астам бос жұмыс орнын ұсынды. Оның қатарында Қазақстан мұнай жабдықтары зауыты, Ақтөбе кенсіз материалдар комбинаты, «Әйгерім» емханасы, «Dina market» ЖШС, «Keueen City» басқарушы компаниясы, «Retro retail» ЖШС, «HR Consulting

Kazakhstan» жеке жұмыспен қамту агенттігі және өзге де ұйымдар бар.

Жәрмеңке барысында сатушы-кассир, дәнекерлеуші, токар, іс жүргізуші, психолог, есепші, механик-жүргізуші, байланыс операторы, сүңгуір, фармацевт, экономист сынды мамандықтар бойынша бос жұмыс орындары ұсынылды.

Ақтөбе қаласы мансап орталығының басшысы Айна Мұрзатаеваның айтуынша, жыл басынан бері үш жәрмеңке ұйымдастырылған.

— Осыған дейінге жәрмеңкелерге барлығы 268 адам қатысып, оның 62-сі тұрақты жұмысқа орналасты. Сонымен қатар мүгедектері бар 18 тұрғын жұмыспен қамтылды. Қазіргі таңда психолог, дәнекерлеуші және токар мамандығына сұраныс көп. Маусым айында электронтерлер мен токарларға арналған қысқа мерзімді курстар басталады. Курсқа қатысатын деушілер мансап орталығына келіп, жұмысыз ретінде тіркелуі қажет, — деді ол.

Жәрмеңкеге келушілерге жұмыспен қамтудың белсенді шаралары, мемлекеттік қолдау тетіктері мен қысқа мерзімді кәсіптік оқыту мүмкіндіктері жөнінде ақпарат берілді.

Бос жұмыс орындары туралы ақпаратты еңбек биржасының www.enbek.kz порталынан табуға болады. Дәл қазір Ақтөбе қаласы бойынша кемінде 1 200-ден астам жұмыс орны бос тұр.

Облыстық еңбек мобильділігі орталығының мәліметінше, өңірде бос жұмыс орындары жәрмеңкесі жиі өтіп тұрады. Сәуірдің соңына дейін 43 жәрмеңке ұйымдастырылып, оған 1 145 адам қатысты. Қатысушылар қатарында әйелдер, жастар, мүмкіндігі шектелуі жандар, елу жастан асқан азаматтар және пробация есебінде тұрған ақтөбеліктер бар. Нәтижесінде 403 адам жұмыспен қамтуды белсенді шараларына тартылды. Оның ішінде 140 адам тұрақты жұмысқа орналасса, 137 тұрғын қоғамдық жұмысқа, 40 адам әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілді. Сонымен қатар бірнеше жұмыссыз жастар практикасы мен «Күміс жас» жобасы аясында да еңбекпен қамтылған.

Айнур ІЛІЯСҚЫЗЫ.



АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

KZO4A112U00349539

«НҮГМЕТ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНА БЕРІЛГЕН ЖЕР УЧАСКЕСІНІҢ БІР БӨЛІГІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫ БАСТАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 18, 84, 85, 88-баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6-бөліміне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37- баптарына сәйкес, «Ақтөбе қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің хаты негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Нүгмет» шаруа қожалығына Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Благодарный селолық округіндегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері санатынан шаруа қожалығын жүргізу үшін нысаналы мақсатымен, уақытша өтеулі жер пайдалану құқығындағы жалпы алаңы 284,5 га жер учаскесінің (кадастрлық нөмірі 02-036-181-109) 0,64 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

Жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін сумен жабдықтау жүйелері орналасуына байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі – осы қаулының ресми жариялану күнінен үш айдан ерте болмауға тиіс.

Келісім рәсімдерін жүргізу «Ақтөбе қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ жүктелсін.

Жолығу мекенжайы: «Ақтөбе қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 2, 51 кабинет.

«Ақтөбе қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ мемлекет мұқтажы үшін алып қюға байланысты жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға бюджеттен қаржы қарастырысын.

«Ақтөбе қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ заңмен белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын тиісті шаралар қабылдасын, соның ішінде қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде осы қаулыны бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

Осы қаулының орындауын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары Қ.Қуантайұлына жүктелсін.

Осы шешім / қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Шешім/қаулының дайындаған бөлім басшысының (лауазымды адамның) және қала әкімінің электронды-цифрлық қолтаңбасы.

Қала әкімі А.БЕКЕТ.

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

KZO4A112U00349532

«МЕРЕЙ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНА БЕРІЛГЕН ЖЕР УЧАСКЕСІНІҢ БІР БӨЛІГІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫ БАСТАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 18, 84, 85, 88-баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6-бөліміне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37- баптарына сәйкес, «Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ-нің хаты негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Мерей» шаруа қожалығына Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Садовое тұрғын массиві 115 үй (кадастрлық нөмірі 02-036-212-157), алаңы 52,6500 га ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері санатынан шаруа қожалығын жүргізу үшін нысаналы мақсатымен уақытша өтеулі жер пайдалану құқығындағы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

Жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін «Түйетөбе» ескерткіш-белгісі және Садовий-І, Садовий-VIII, Садовий-IX, Садовий-X, Садовий-XI археологиялық қорғандарының орналасуына байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі – осы қаулының ресми жариялану күнінен үш айдан ерте болмауға тиіс.

Келісім рәсімдерін жүргізу «Ақтөбе қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ жүктелсін.

Жолығу мекенжайы: «Ақтөбе қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 2, 51 кабинет.

«Ақтөбе қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ мемлекет мұқтажы үшін алып қюға байланысты жоғарыда көрсетілген жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға бюджеттен қаржы қарастырысын.

«Ақтөбе қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімі» ММ заңмен белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын тиісті шаралар қабылдасын, соның ішінде қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде осы қаулыны бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

Осы қаулының орындауын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары Қ.Қуантайұлына жүктелсін.

Осы шешім / қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Шешім/қаулының дайындаған бөлім басшысының (лауазымды адамның) және қала әкімінің электронды-цифрлық қолтаңбасы.

Қала әкімі А.БЕКЕТ.

KENZHALLY PETROLEUM (КЕНЖАЛЫ ПЕТРОЛЕУМ) ЖШС

ҚР Экологиялық Кодексінің 96-бабына сәйкес, «2023 жылғы 16 ақпандағы №5173 келісімшартқа сәйкес Ақтөбе облысындағы Кенжалы жер қойнауы учаскесінде көмірсутектерді іздеу мақсатында барлау жұмыстарының жобасына толықтыруға» Ықтимал әсер ету туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өткізіледі және келесі елді мекендерде өтетінін хабарлайды.

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді а.о., 30 маусым 2026 ж. сағат 10.00-де, Д.Қонаев көшесі, 36, «Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді а.о. әкімінің аппараты» ММ.

Zoom Конференциясына сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/83153706539?pwd=d0aTFRSdomlFItPlC5QE4vBwQk7hkm.1>

Конференция идентификаторы: 831 5370 6539, кіру коды: 933039.

Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық а.о., Шұбарқұдық а., 30 маусым 2026ж, сағат 15.00-де, Н.Байғанина к-сі, 3, Темір аудандық мәдениет үйі.

Zoom Конференциясына сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/85481581094?pwd=Mp4D2pwKb9LKYRPrkqgi54XSioe1aC.1>

Конференция идентификаторы: 854 8158 1094, кіру коды: 848984.

Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдауды үйлестіруге жауапты орган:

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, электронды пошта: aktobe.urgr@yandex.kz, тел.: 8 (7132) 55-09-30.

Жобалық құжаттама таптамасымен ақпараттық жүйе: <https://ndbecology.gov.kz/PublicHearings> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu> сайтында танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдау басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей келесі электронды мекенжай бойынша қабылданады aktobe.urgr@yandex.kz, және <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында.

Қосымша ақпаратты төмендегі электронды мекенжай бойынша алуға болады: zh.kalmetova@kaznigri.kz, тел. 8(7122)763090-217.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Kenzhaly Petroleum (Кенжалы Петролеум)» ЖШС, мекенжайы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Алтын орда шағын ауданы, үй 48В, корпус 3, пәт. 66, БСН: 220640001123, электронды пошта: maudat_makhmudov@mail.ru, тел.: +7 701 777 4719, байланыс тұлғасы: Махмудов М.Р.

Жобаны жасақтаушы: «КазНИГРИ» ЖШС, БСН: 991240001478, әл.:info@kaznigri.kz, тел: 8(7122)763090-217.

«SIRIUS MINERALS COMPANY» ЖШС

Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы аумағында «Донское» кен орнында құрылыс тасын өндіру тау-кен жобасына әзірленген әсер етуге Экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар пакеті: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ); Жол берілетін қалдықтар нормативтері жобасы (ҚБҚН); Қалдықтарды басқару бағдарламасы Жобасы (ҚББЖ); Экологиялық бақылау бағдарламасы Жобасы (ЭББЖ); Табиғат қорғау іс-шаралар жоспары (ТҚШЖ) тақырыбына ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізетіндігін хабарлайды.

Әсер ету аумағы – Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Аққұдық а.о., Аққұдық ауылы (с.ш. 50°22'07 в.д. 58°54'03)

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 1 шілдеде сағат 16.00-де Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Аққұдық ауылы, Құрманғали Оспанов көшесі, 13 ғимаратында өтеді.

Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us06web.zoom.us/j/4014304885?pwd=OU9wYVovZDFtdkgwN2RRC3crQWpndz09&omn=89078711260>

Конференция идентификаторы: 401 430 4885 кіру коды jJfwV1.

Бастамашысы: «Sirius Minerals Company» ЖШС, 030000, ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алтын Орда шағын ауданы, 3Г-82 үй, тел.: +77753582266, e-mail: sirius_minerals@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші деректемелері: «Projects World ECO Group» ЖШС, БСН 160340009675, ҚР, Ақтөбе қ., Қарғалы тұрғын алабы, 18В үй, 99-пәтер, тел.: +77023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu> сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты: +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ aktobe.urgr@yandex.kz электронды мекенжай бойынша қабылданады.

«SIRIUS MINERALS COMPANY» ЖШС

Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы аумағында «Донское» кен орнында құрылыс тасын өндіру тау-кен жобасына «Қоршаған ортаға әлеуетті әсер туралы есеп» тақырыбына ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізетіндігін хабарлайды.

Әсер ету аумағы – Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Аққұдық а.о., Аққұдық ауылы (с.ш. 50°22'07 в.д. 58°54'03)

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 1 шілдеде сағат 15.00-де Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Аққұдық ауылы, Құрманғали Оспанов көшесі, 13 ғимаратында өтеді.

Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us06web.zoom.us/j/4014304885?pwd=OU9wYVovZDFtdkgwN2RRC3crQWpndz09&omn=89078711260>

Конференция идентификаторы: 401 430 4885 кіру коды jJfwV1.

Бастамашысы: «Sirius Minerals Company» ЖШС, 030000, ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алтын Орда шағын ауданы, 3Г-82 үй, тел.: +77753582266, e-mail: sirius_minerals@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші деректемелері: «Projects World ECO Group» ЖШС, БСН 160340009675, ҚР, Ақтөбе қ., Қарғалы тұрғын алабы, 18В үй, 99-пәтер, тел.: +77023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu> сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ aktobe.urgr@yandex.kz электронды мекенжай бойынша қабылданады.

Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы ММ, Ақтөбе «Qamqoq денсаулық сақтау кәсіподақ» қоғамдық бірлестігі, Денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің ардагерлер кеңесі, Ақтөбе облыстық дәрігерлер мен провизорлар қауымдастығы қоғамдық бірлестігі, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің доценті, еңбек ардагері, ұлағатты ұстаз **Мақаш Аманғалиұлы ЖҰМАНГАРИННИҢ** дүниеден озуына байланысты отбасына, тұма-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«SIRIUS MINERALS COMPANY» ЖШС

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы аумағында «Донское» кен орнында құрылыс тасын өндіру тау-кен жобасына әзірленген әсер етуге Экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар пакеті: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ); Жол берілетін қалдықтар нормативтері жобасы (ҚБҚН); Қалдықтарды басқару бағдарламасы Жобасы (ҚББЖ); Экологиялық бақылау бағдарламасы Жобасы (ЭББЖ); Табиғат қорғау іс-шаралар жоспары (ТҚШЖ) тақырыбына ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізетіндігін хабарлайды.

Әсер ету аумағы – Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Аралтоғай а.о., Милысай ауылы (с.ш. 49°21'18 в.д. 60°19'13).

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 3 шілдеде сағат 16.00-де Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Милысай ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 19 ғимаратында өтеді.

Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us06web.zoom.us/j/4014304885?pwd=OU9wYVovZDFtdkgwN2RRC3crQWpndz09&omn=87833066658>

Конференция идентификаторы: 401 430 4885 кіру коды: jJfwV1.

Бастамашысы: «Sirius Minerals Company» ЖШС, 030000, ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алтын Орда шағын ауданы, 3Г-82 үй, тел.: +77753582266, e-mail: sirius_minerals@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші деректемелері: «Projects World ECO Group» ЖШС, БСН 160340009675, ҚР, Ақтөбе қ., Қарғалы тұрғын алабы, 18В үй, 99-пәтер, тел.: +77023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu> сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты +7 702 392 3707, ecogroup.aktobe@gmail.com бойынша сұрауға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ aktobe.urgr@yandex.kz электронды мекенжай бойынша қабылданады.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы ЖК АМАНБАЕВ, жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы Ұлпан кен орнының бөлігінде шөгінді тау жыныстарын: қиыршық-құм қоспасын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспары».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/> «жария талқылаулар» айдарында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпаратты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 22.05.2026 ж. – 23.06.2026 ж.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Рахат Тур» ЖШС, жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Ақтөбе облысы Алға ауданында 5000 бас КРС бордақылау алаңын салу бойынша жұмыс жобасы».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/> «жария талқылаулар» айдарында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanu/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпаратты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 22.05.2026 ж. – 23.06.2026 ж.



Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-Саяси газет

Меншік иесі:
«АҚТӨБЕ МЕДИА»
ЖШС

Газет 1974 жылы «Күрмет белгісі»
орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҮРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70УР00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың бірінші орынбасары
Жаңағұл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары
Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ Саясат бөлімі:

Бөлім меңгерушісі
Арайлым НҮРБАЕВА